

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 2 ақпан

Отырысты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы М. БАҚТИЯРҰЛЫ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Комитеттің кеңейтілген отырысын өткізу үшін қажетті кворум бар. Егер қарсылықтарыңыз болмаса, комитет отырысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Күн тәртібі сіздерге алдын ала таратылған, егер қарсылықтарыңыз болмаса, күн тәртібі бекітілсін. Қалай қарайсыздар?

ОРНЫНАН. Бекітілсін.

ТӨРАҒА. Күн тәртібі бекітілді. Бүгінгі күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қаралады.

Атап өту керек, бұл заң жобасына біздің Парламент депутаттары бастамашылық жасаған. Бастамашы топтың ішінде әріптесіміз, Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Еділ Құламқадырұлы Мамытбеков бар.

Еділ Құламқадырұлы, сөз сізге.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет.

Құрметті Мұрат Бақтиярұлы, құрметті әріптестер! Все мы помним, что наука Казахстана в годы непростого становления и развития экономики страны была отодвинута и долгое время находилась в забвении. Сегодня все больше приходит понимание неизбежной роли науки как огромного по влиянию фактора инновационного развития производства и роста конкурентоспособности экономики. Однако научной сфере по-прежнему уделяется остаточное внимание после проблем с обновленной школьной программой, информатизацией и подготовкой учебников для школ.

В Сенате уже дважды поднимался вопрос о разделении Министерства образования и науки на два самостоятельных. Также неоднократно рассматривались законопроекты, связанные в той или иной степени с развитием науки и НИОКР, в проекции на задачи диверсификации производства на индустриально-инновационной основе. При этом поднимаются непростые вопросы полноценного формирования национальной инновационной системы как ключевого инструмента интеграции науки и производства.

В частности, осенью прошлого года были проведены встречи руководства Министерства образования и науки и ряда других министерств, представителей науки и экспертов как в Мажилисе, так и в Сенате на базе профильных комитетов. При обмене мнениями поднимались реально злободневные проблемы развития науки, затрагивали эксперты от науки и проблемные вопросы развития Национальной инновационной системы. Подчеркну, что представители ведомства тогда заявляли, что Национальная инновационная система практически сформирована. В уполномоченном органе, очевидно, считают, что действующая система поддержки научных и научно-технических исследований на основе выделения грантов является той самой НИС, однако это далеко не так. Загруженное школьными проблемами нынешнее министерство в научной сфере просто является неким финансовым контрагентом, который перенаправляет бюджетные средства по выработанным бюрократическим правилам разным научным коллективам, подменив конечный результат появления экономически значимых инноваций чисто бюрократическим, идеальным с точки зрения министерства отчетом.

Таким образом, по большому счету, финансируется не то, что нужно для экономики, а то, что соответствует бюрократическим требованиям.

По большому счету, система выделения грантов на научные проекты является всего лишь одним, хотя и важным, элементом огромного механизма НИС. Принципы организации инструмента реализации давно успешно применяются в развитых странах мира. Однако, помимо выделения грантов, существует целая система сопровождения инноваций от первоначальных инвестиций до вывода на фондовый рынок. Без создания такой вертикальной системы выделение грантов, по сути, является формой социальной поддержки ученых.

Вместе с тем сегодняшняя практика показывает, что сама грантовая система пока далека от своего совершенства. Именно поэтому группа депутатов инициировала настоящий законопроект, в котором предлагается ряд мер по повышению эффективности механизмов поддержки научной и научно-технической деятельности. Прежде всего это устранение имеющего место дисбаланса развития и отсутствия экономического взаимодействия между отдельными элементами научно-инновационной инфраструктуры, между НИИ, вузами, инновационными фондами, инженерными лабораториями, технопарками, офисами коммерциализации и другими структурами, сопровождающими научную и научно-техническую деятельность.

Это наведение должной координации академической, вузовской и отраслевой науки, что позволит проводить полноценный мониторинг процесса от финансирования до внедрения результатов научных исследований в производство. Для этого в законопроекте предусматривается норма по созданию единой базы ученых-экспертов как

казахстанских, так и зарубежных. Это позволит приводить в адекватное соответствие уровень рецензентов с уровнем научных проектов на предмет экспертной оценки проектов на грантовое и программно-целевое финансирование, о чем я говорил выше.

Это вовлечение процессов коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности в сферу бюджетного финансирования со стороны государства. Тем самым усиливаются меры поддержки двух ключевых звеньев – эффективного грантового финансирования и коммерциализации научных результатов, что является серьезным шагом в активизации процесса формирования реальной Национальной инновационной системы Казахстана.

В этой связи, уважаемые коллеги, прошу поддержать данный законопроект. Спасибо.

ТӨРАҒА. Еділ Құламқадырұлы, сарапталған, мазмұнды баяндамаңыз үшін сізге үлкен рақмет.

Құрметті әріптестер, осы заң жобасына қатысты лауазым иелері бейнебайланыс арқылы қатысып отыр. Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі Дәуленов Мирас Мұхтарұлы, Ғылым комитетінің төрайымы Құрманғалиева Жанна Дулатқызы, «Ғылым қоры» АҚ төрағасы Өрсариев Арын Амангелдіұлы, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының президенті Ыбыраев Әділ Жүнісұлы, Ұлттық экономика министрлігінің Әлеуметтік саясат және мемлекеттік органдарды дамыту департаментінің директоры Жаназарова Нұргүл Алмасқызы, Қаржы министрлігінің Бюджет департаменті директоры Тұрымбаева Ләззат Амангелдіқызы, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен департамент басшысы Рамазан Аян Серікұлы және басқарма басшысы Әбілов Мадияр Мәуленұлы, Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің директоры Таңатарова Гүлнәз Нұрсұлтанқызы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен Оразбеков Шалқар Бақытұлы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері, Қорғаныс министрлігінің өкілдері, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің Парламенттегі өкілі қатысып отыр.

Құрметті әріптестер, үлкен заң, сондықтан сұрақ беру рәсіміне көшсек.

Динар Жүсіпәліқызы, сөз сізге.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Мұрат Бактиярұлы.

Менің сұрағым Білім және ғылым вице-министрі Мирас Мұхтарұлына.

Құрметті Мирас Мұхтарұлы, 2017 – 2018 жылдары орындалған ғылыми жобалар үстіміздегі жылдан бастап нәтижесін бере бастауы керек. Ол 156 жоба, оған 35 миллиард теңге бөлінген болатын. Үш жылдан кейін осы жобалардың зерттемелері нәтижесін бере бастауы керек. Осы жобалар қаншалықты коммерциализациялауға дайын және оның зерттемелері нарықта қаншалықты қызығушылық туғызады? Тұтынушылардың

өнеркәсіпке сұранысы қаншалықты болады деп ойлайсыз? Бұл бірінші сұрақ.

Екінші сұрақ. Болашақта осы заң қабылданғаннан кейін ғылыми-техникалық зерттемелерді сауатты түрде коммерциализациялауға енгізетін мамандардың дайындығы қаншалықты? Шетелдік әріптестермен байланысқа шыға алатын, әлемдік нарыққа ғылыми жаңалықтарды шығара алатын мамандар бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Мирас Мұхтарұлы, сөз сізге.

ДӘУЛЕНОВ М.М. Құрметті Динар Жүсіпәліқызы, сұрағыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша. Қазіргі таңда «Ғылым қоры» АҚ жобаларды коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруға үш конкурс өткізді. 156 жоба таңдалды, қазіргі таңда 128 жоба орындалуда. Конкурсты өткізу тәртібі заңмен реттелді.

Қазіргі таңда жеке сектордың қаржыландыру үлесі 16-17 пайыз болады, біздің ойымызша ол өте жоғары көрсеткіш. Қазіргі таңда экспорт көлемі 186 миллион және роялти ғылымға 200 миллион теңгеден асады. Грант алушылар 2,5 миллиард теңге салық төледі. Осыған байланысты қазіргі таңда коммерцияландыру жобаларының ережесі енгізілген. Осыған байланысты заңда бірнеше өзгерістер енгізіліп отыр, ол ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтер саласын үйлестіруді жүзеге асыру және ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша тиісті есептерді мемлекеттік есепке алу бойынша ережелерді бекіту. Осыған байланысты заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Екінші сұрақ бойынша. По подготовке кадров. В рамках программы «Болашақ» и других программ... Если говорить о конкретных, если возможно, могли бы мы письменно представить, потому что данных под рукой сейчас нет? Рақмет.

ТӨРАҒА. Хорошо. Жазбаша түрде бүгін кешке дейін жіберіңіздер.

Жанна Дулатқызы, қосарыңыз бар ма?

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА Ж.Д. Қосарым жоқ. Кешке дейін жазбаша жауап береміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар бар ма?

Нариман Төреғалиұлы, сөз сізге.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, Мұрат Бақтиярұлы.

Өз басым заң жобасын қолдаймын. Мирас Мұхтарұлы, сұрағым сізге. Қазір енгізіліп жатқан өзгерістер ғылымды коммерцияландыруға қатысты, оның мәселелерін өзектендіре отырып жеделдетуге қатысты ынталандыру мақсатында жасалып жатқан заң жобасының нормалары. Дегенмен 2017 – 2021 жылға 156 жобаның 35 миллиард ақшасының 2019 – 2020 жылы 5,6 миллиард қаражаты шешілген жоқ. Алдағы уақытта ғылыми жұмыстармен айналысатын, конкурсқа қатысатын ғалымдарымыздың жобалары көбейіп жатқанда қаржы мәселесін қалай

шешесіздер? Өткен жобалардың қаржы мәселесі әлі шешілмей келе жатыр. Болашақта осы мәселе жалғаса бере ме, әлде шешіле ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Кім жауап береді?

ДӘУЛЕНОВ М.М. Құрметті Нариман Төреғалиұлы, нақты жобаларды қаржыландыру туралы шешімді кеңес қабылдады. Басты проблема бөлінген қаржы 23 миллиард теңге болса да кеңес үш конкурстық нәтиже бойынша 35 миллиард теңгеден жобаларды қаржыландыруға шешім қабылдаған. Осындай жағдайларды болдырмау үшін 2019 жылы қаржыландыру ережесіне Үкіметтің 285 қаулысына сәйкес өзгерістер енгізілді. Ол бойынша грантты қаржыландыру мемлекеттік бюджет шегінде орындалды. Осымен байланысты осы ақпанда республикалық бюджетті нақтылау кезінде шығындардың дефицит сомасын көтеруге ұсыныс береміз.

ТӨРАҒА. Жақсы. Сенатор Алтынбек Нухұлы.

НУХҰЛЫ А. Жаңа 156 ғылыми жобаның жұмыстары жүріп жатыр деп айтып отырсыздар. 156 жобаның қаншасы «Ғылым қоры» АҚ арқылы өтті екен? Жалпы «Ғылым қоры» АҚ-ның рөлі қандай? Осы жобалардың ішінде «Ғылым қоры» АҚ арқылы өткен нақты экономикалық жағынан пайдалы жақсы жобалар бар ма?

ТӨРАҒА. Өрсариев Арын Амангелдіұлы, «Ғылым қоры» АҚ басқарма төрағасы. Қатысып отыр ма ол кісі?

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА Ж.Д. Рұқсат болса мен жауап берейін.

ТӨРАҒА. Жанна Дулатқызы, жауап беріңіз.

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА Ж.Д. Рақмет. Бұл жалпы жаңа айтылған 156 жобаның барлығы «Ғылым қоры» АҚ арқылы қаржыландырылады, өйткені 2016 – 2018 жылдары конкурстың өзін сол «Ғылым қоры» АҚ өткізген. Үкімет қаулысы бойынша биыл Ғылым қоры жобалардың гранттық қаржыландырудың коммерцияландыруға қатысты жалғыз оператор болып табылды. 128 жоба іске асырылып жатыр. Оның экономикалық әлеуетін, нәтижелерін Мирас Мұхтарұлы ең басында айтып кетті. Әрине барлығының экономикалық әсері елдің дамуына 100 пайыз керемет деп айта алмаймыз, бірақ бүгінде 20-25 пайызы жақсы нәтижелер көрсетіп отыр. Яғни сатылымдар өсіп жатыр, салықтар өсіп жатыр және жұмыспен қамтылған азаматтардың саны да артылды.

Соңғы екі жылда конкурстың өткізілмегені оған әсер етпейді. Сондықтан Мирас Мұхтарұлы айтып кеткендей, бюджетті нақтылау кезінде бір айдан кейін тек қана жетіспейтін 10,6 миллиард теңге дефицитті ғана емес, мүмкін осы салада жаңа конкурстарды да өткізуге қаражат сұрайтын боламыз. Қолдасаңыздар өте жақсы болар еді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ондайды қолдаймыз. Бізге де беріңіздер, депутаттық сауалға негіз болады. Ғылымсыз болмайды ғой, неге қолдамасқа, қолдаймыз.

Сенатор Нұртөре Байтілесұлы.

ЖҮСІП Н.Б. 21-баптағы 2-тармақтағы «мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға жататын ғылыми жобалар» дегенде осы «мемлекеттік

ғылыми-техникалық сараптаманы құзыретті шетелдік және қазақстандық сарапшылар жүргізеді» деп көрсетіп отыр. Бір мәліметте Қазақстанда 7 мың 540 шетелдік сарапшы, 2,5 мың қазақстандық сарапшы жұмыс істеп жатыр дейді.

Осы 7 мың 540 қай елдердің мамандары? Осы жобалардың өндіріске енгізілуінде қандай да бір проблемалар бар ма?

ТӨРАҒА. Кім жауап береді? Мирас Мұхтарұлы, сіз бересіз бе?

ДӘУЛЕНОВ М.М. Құрметті төраға, құрметті сенаторлар! Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының базасында 7 мың шетелдік және 2,5 мың қазақстандық сарапшы бар. Сұралатын қаржының көлемін 202 сарапшы бағалайды. Осыған байланысты қазіргі таңда осы заң жобасына наукометриялық критерийлер енгізілген. Біздің ойымызша ол қаржыландыру ережесі өзгерілді, ақпараттық жүйесі жасалды. Конкурса өтінім тек электронды беріледі. Осыған байланысты менің ойымша қазақстандық және шетелдік сарапшыға байланысты заң жобасы өте дұрыс енгізілген.

Бірінші сұрақ бойынша. Қазіргі таңда біздің орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық базада АҚШ, Қытай, Ресей, Батыс Еуропаның сарапшылары бар.

ТӨРАҒА. Рақмет. Тағы сұрақтар бар ма?

Сенатор Айгүл Жарылқасынқызы.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Ғылыми нәтижені коммерцияландыру жобаларына мониторинг жасауға байланысты қаражат жалпы республикалық бюджетте қаралған ба және ол сома қанша?

ТӨРАҒА. Кім жауап береді?

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА Ж.Д. Сұрағыңыз бюджеттен қанша қарастырылған деген бе?

ТӨРАҒА. Иә.

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА Ж.Д. Бұл коммерцияландыру жобаларына жыл сайын, яғни 2021 – 2023 жылға 5,4 миллиард теңге қарастырылған. Бұл қаражат жаңа айтып кеткендей, Ұлттық ғылыми кеңестер тек қана 2016 – 2018 жылдары сол жобаларды қолдаған. Содан аспай жатыр. Сол 2016 – 2018 жылғы жобалар үш жылға қаржыландырылса (былтыр, биыл, келесі жылы, 2022 жылы да) да 5,6 миллиард жетіспейді. Өйткені ол кезде Ұлттық ғылыми кеңестерге шектеу қойылмаған. Жаңа Мирас Мұхтарұлы айтып кеткендей, 2019 жылы Үкімет қаулысына Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдері тек қана бюджеттен бөлінген қаржы аясында болу керек деген нақты норма енгізілді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы, Жанна Дулатқызы.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Кешіріңіз, мен ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру жобаларына мониторинг жасауға деп сұрадым. Осы мониторинг жасау үшін қаражат қаралған ба?

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА Ж.Д. Мониторингке қатысты нақты норма республикалық бюджеттік комиссияның отырысына енгізілген жоқ. Үкіметке жіберілген жоқ. Мониторингке әрине қаржы керек. Бірақ біз

Ұлттық ғылыми орталықты жақсы деңгейде қаржыландырамыз деп айта аламын, өйткені 2020 жылдың соңында 700 миллионды олар кері қайтарды. Сондықтан мониторингке қаражат бөлу мәселесі шешіледі деп ойламаймын. Өзіміздің ішімізде ол қаражатты табуға мүмкіндік бар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар бар ма?

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Менің сұрағым Денсаулық сақтау министрлігіне.

Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Заң жобасының 209-бабын халық өте күтіп отырған баптың бірі деп айта аламын. Бұл жерде ағзаларды трансплантациялау операцияларының санын көбейту үшін акционерлік қоғамдар осы уақытқа дейін денсаулық сақтау кодексіне байланысты енбей қалған. Тек қана мемлекеттік мекемелер деп айтылған, алайда біздің барлық медициналық ұлттық орталықтарымыз акционерлік қоғамдар болып табылады. Осыған байланысты осы заң қабылданғаннан кейін Денсаулық сақтау министрлігінің есебі бар ма? Қанша пайызға көбейеді? Осыған байланысты тиісті қаражат қаралған ба? Бұл жерде стационарлық деңгейде де және ағзаларды ауыстырғаннан кейін амбулаторлық деңгейде де тиісті қаражаттар қаралу керек. Неше пайызға өседі және қаражаты қарастырылған ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Жауапты Таңатарова Гүлнәз Нұрсұлтанқызы береді ме?

СӨЙЛЕУШІ. Мы слушаем.

Действительно, эти поправки были необходимы в связи с тем, что в свое время не получилось...

ТӨРАҒА. Өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

СӨЙЛЕУШІ. Руководитель Управления науки, инновационных технологий Департамента науки и человеческих ресурсов Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

Эти поправки были включены в кодекс в рамках рабочей группы по включению поправок в Закон Республики Казахстан «О науке». Но мы решили, что имеет смысл включить эти же поправки и в Кодекс «О здоровье народа и системе здравоохранения». Они были инициированы в связи с тем, что в кодексе не была прописана организационно-правовая форма наших организаций, которые имеют право... Эти поправки позволят включить наши акционерные общества как квазигосударственного сектора. В дальнейшем эти организации смогут оказывать медицинскую помощь по трансплантации в рамках государственного объема медицинской помощи и ОСМС.

ТӨРАҒА. Ақмарал Шәріпбайқызы, қанағаттандыңыз ба?

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Вообще, вопрос был другой. Мы поняли, что эти поправки важны, до населения должны быть доведены, потому что тысячи людей сейчас ожидают своей операции, своей трансплантации.

У меня был вопрос: на сколько процентов после принятия данного закона ожидается увеличение количества подобных операций, заложены

ли соответствующие средства как на стационарном, так и на амбулаторном уровне? Потому что в послеоперационный период они пожизненно принимают препараты, как вам известно, и зачастую республиканские центры оперируют, трансплантацию проводят, а местные исполнительные органы не планируют этих больных. И зачастую исход после этих дорогостоящих операций на амбулаторном уровне имеет высокий риск отторжения данных органов.

Если этот закон принимается, в кодекс вносятся изменения, то вы должны дальнейшие последствия пошагово просчитать. Это мое мнение. И эти средства у вас должны быть заложены. Если не заложены, то дополнительно расчеты свои предоставьте, потому что если будет уточнение бюджета, я хотела бы с этих позиций озвучить. Спасибо.

ТӨРАҒА. Если вы не готовы, то предоставьте письменную информацию в течение дня.

СӨЙЛЕУШІ. Хорошо, предоставим.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, енді осы аталған заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі сенатор Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов мырзаға беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Құрметті Мұрат Бақтиярұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы депутаттардың бастамасымен әзірленген.

Заң жобасы ғылыми, ғылыми-техникалық саладағы заңнаманы жетілдіруге және оның нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған. Ол жөнінде негізгі баяндамашы Еділ Құламқадырұлы жан-жақты толық айтып берді. Еділ Құламқадырұлы өзінің баяндамасында кейбір мәселелерге өте терең, өзекті, өткір тоқталып өтті. Білім және ғылым министрлігі осы мәселелерге ерекше көңіл бөледі деп сенеміз. Жалпы заң жобасы арқылы 11 заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған. Атап айтқанда, Бюджет кодексінде ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша бюджет бағыттары нақтыланды. Бұл өзекті мәселе, кезінде осындай өзгерту болмағандықтан коммерцияландыруды қаржыландыру мәселелері өте қиынға түскен. Бұл өте қажет. Мемлекеттің 100 пайызы қатысуы бар, жауапкершілігі шектеулі серікестік және акционерлік қоғам нысанындағы медициналық ұйымдарда адам ағызыларын трансплантациялау бойынша жұмыс жүргізу үшін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі тиісті нормалармен толықтырылды. «Ғылым туралы» Заңға, бұдан басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің, Жоғары ғылыми техникалық комиссияның, Ұлттық ғылыми кеңестердің міндеттерін, құзыреттерін нақтылау жөнінде өзгерістер енгізілген. Сондай-ақ маңызды жаңалықтың бірі «Үздік ғылыми

қызметкер» атағын беру және оған 2 мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік степендия тағайындалу енгізілген. Бұдан басқа «Ғылым туралы» Заңға сәйкестендіру үшін басқа заңдарға да өзгерістер енгізілген.

Тұтастай алғанда заң жобасын қабылдау отандық ғылымның ел экономикасындағы үлесін ұлғайтуға жағдай жасайды деп санаймыз.

Заң жобасы жұмыс топтарының отырысында жан-жақты қаралды, қойылған сұрақтардың барлығына Білім және ғылым министрлігі және басқа да министрліктер толығымен жауабын берді.

Басқа комитеттерден ұсыныстар келіп түскен жоқ, келген ұсыныстарға біз толық жауап бердік.

Құрметті әріптестер, осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақытжан Тұрсынұлы.

Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Осы мәселе бойынша пікір айтушылар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы. Онда осы комитет бойынша заң жобасын жүргізген Бақытжан Тұрсынұлынан осы заң жобасын Сенат отырыстың қарауына жіберу туралы бір ғана ұсыныс түсті.

Әріптестер, қолдаймыз ғой?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Білім және ғылым министрлігіне бір ғана өтініш, көп жұмыс жасап жатырсыздар, оны көріп жатырмыз. Бірақ жаңа айтып қалдыңыздар, қаржыны қолдау туралы, ол міндетті түрде. Ғылымға байланысты біздің әріптестеріміз сенаторлар қаржыны қолдайды. Кейбір жерлерді бізге айтып отырыңыздар, біз оны депутаттық сауал арқылы, болмайтын болса бюджетті нақтылау кезінде де біз оны депутаттардың атынан көтеретін боламыз. Өйткені профильный комитетпіз, сіздермен бірлесу жұмыс жасаймыз, оған байланысты ешқандай мәселе болмау керек.

Жаңа Бақытжан Тұрсынұлы айтып кетті, әріптесіміз Еділ Құламқадырұлы біраз мәселе көтерді. Шынында да ғылым саласында көп уақыттан бері шешімін таппай келе жатқан мәселелер бар, қаржыға байланысты көп нәрселер бар. Соған байланысты Білім және ғылым министрлігі бұны қарау керек, көру керек. Келешекте ғылымға байланысты идеялар бар. Парламент тарапынан, сенаторлар тарапынан осы заңға бастамашылық жасап, сіздермен бірлесіп отырып, әсіресе ғалымдармен, жоғарғы оқу орнындағы ғалымдар бар, ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары бар, Ғылым академиясындағы ғалымдар бар, солармен бірлесіп отырып осы заңды жақсылап қайтадан қарау керек сияқты. Мирас Мұхтарұлы, қалай қарайсыз? Толықтырып, өзгертіп, тек қана бірлесіп отырып жұмыс жасау керек, бүкіл ғалымдардың пікірін есепке ала отырып жасауымыз керек. Өйткені бізге Пактың (имя,

отчествосын ұмытып қалдым) атынан хат келді, көп хаттар түсіп жатыр, оның барлығын біз келешекте осыған келеміз деп қайтарып жатырмыз. Проблеманы жақсы көтеріп жатыр, олардың проблемасы дұрыс, бірақ бұл заңға біз кіргізе алмаймыз. Бұны кіргізетін болсақ оған Үкіметтің сараптамасы бар, қорытындысы бар, қала берді Мәжіліске қайтып кетеді. Біз енді ондайға барған жоқпыз, осы заңды ақылдаса отырып Сенат карауына жіберу туралы шешім қабылдадық.

Құрметті әріптестер, Сенат отырысына баяндамашы ретінде әріптесіміз Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Еділ Құламқадырұлы Мамытбеков мырза шақырылады, қосымша баяндама ретінде комитет мүшесі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов мырзаны ұсынамыз.

Әріптестер, келісеміз ғой?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Мирас Мұхтарұлы, министр міндетті түрде Сенат отырысына қатысады деп ойлаймыз. Сенаторлар тарапынан сұрақтар болуы мүмкін, сондықтан министр мырзаның өзі қатысқаны дұрыс.

Құрметті әріптестер, бүгінгі бейнебайланыс арқылы қатысып отырған барлық азаматтарға үлкен рақмет айтамыз, жұмыстарына табыстар тілейміз. Бәрімізге ортақ жұмыс.

Осымен комитет отырысын жабық деп жариялауға рұқсат етіңіздер. Барлықтарыңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы

М. Бақтиярұлы

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы

И. Шыныбаева